

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ


Бекітемін

Ректор

 У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі

№ 1 хаттама «08» 08 2024 жыл



ЭКЗАМУС ПРОКТОРИНГ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ  
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024 жыл

## Нормативтік сілтемелер:

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 05.04.2023 № 145 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-IV «Білім туралы» Заңы (08.01.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ереже (№137 20.03.2015ж. №374 28.08.2020ж өзгерістермен)

-Болашақ университетінің академиялық саясаты (№1. 29.08.2024ж)

## **Экзакус прокторингiнiң қолдану ережелерi.**

Прокторинг–онлайн–емтихан немесе тестiлеу кезiндегi әкiмшi-проктордың қадағалауымен өтетiн бақылау процедурасы.

Прокторинг-тестiлеудi немесе емтиханды онлайн режимiнде бақылауға мүмкiндiк беретiн жүйе.

Ол емтихан тапсырушының әрекетiн веб-камера арқылы бақылайды және оның мониторияндағының барлығын көрiп отырады. Мұндай технология үмiткердiң жеке өзiнiң тапсырып отырғанына көз жеткiзiп қана қоймай, оның бiлiмiн объективтi бақылауға, шпаргалкалар мен басқа да айла-тәсiлдерден арылуға мүмкiндiк бередi.

**Экзакус прокторингiнiң қолдану мақсаты:** Бiлiм беруде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, бiлiм алушылардың құзыреттiлiк деңгейiн объективтi, жан-жақты бағалау.

**Экзакус прокторингiнiң қолдану мiндетi:**

- Құзыреттiлiктi бағалау әдiстемесiн таңдау;
- Бағалау сапасын бақылау;
- ҚБТ ақпараттық жүйелерiнiң ресурстарын қамтамасыз ету

**Examus Қызметi:**

- Бейнежазбаларды қараудан кейiнгi Автоматты прокторинг пакетi;
- Бейнежазбаларды сақтау 1 ай.

### **1.Тест тапсыру тәртібі:**

-Жүйеге кiру үшiн бiлiм алушы логин мен кiлттiк сөздерi қолдаланылады

-Тестiлеуден өтуге емтиханға жiберiлген бiлiм алушыларға рұқсат етiледi.

-Прокторинг жүйесiндегi реквизиттер арқылы жасалған авторизациядан кейiн (немесе серiктес платформаның авторизация процедурасын қолданып), пайдаланушы өзiне қол жетiмдi тестiлер/емтихандар тiзiмiне қол жеткiзе алады (немесе серiктес платформасының сайтына), бұл жерде оған қол жетiмдi емтиханды өзi таңдай алады (немесе серiктес платформаның ережелерiнде көзделген басқа әрекеттердi орындай алады).

-Тест/емтиханды таңдағаннан кейiн, пайдаланушы жүйенiң нұсқауларына сәйкес идентификация процедурасынан өтедi.

-Пайдаланушының идентификациясы сәттi расталғаннан кейiн прокторинг жүйесi тестiлеу процесiне рұқсат бередi.

-Тестiлеу процесiнде Прокторинг жүйесi пайдаланушының компьютерлiк жұмыс үстелiн (бұдан әрi-Материалдар) тiркеп, пайдаланушының iс-әрекеттерiн бейне-аудио жазбасын жүргiзедi және көрсетiлген материалдарды прокторға берудi қамтамасыз етедi.

-Тест/емтихан аяқталғаннан кейін материалдар өңдеуге және талдауға бөгде адамдарға, атап айтқанда, тест ұйымдастырушыларына берілуі мүмкін.

## **2.Пайдаланушыға қойылатын талаптар:**

-Пайдаланушы Прокторинг жүйесіндегі өз аккаунт деректерін бөгде адамдарға бермеуге міндеттеледі.

-Пайдаланушы Прокторинг жүйесінің жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

-Жеткілікті жарықтандыру.

-Аудио арнаны бақылауға кедергі келтіретін фондық шудың болмауы.

-Бейне және аудио сигналдарды таратуға кедергі болмауы керек.

-Пайдаланушының жабдықтарына қойылатын техникалық талаптарға сәйкестігі.

-Пайдаланушы Прокторинг жүйесіне бірінші кірген кездегі құжаты мен суретін жіберген адам Прокторинг жүйесінде сол жазбаның иесі болып табылатындығына келіседі.

-Пайдаланушыны куәландыратын құжаттың болуы.

-Пайдаланушы сәйкестендіру үшін оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын пайдалануға міндетті.

-Пайдаланушы тестілеу кезінде веб-камераның көру аймағынан кетпеуге міндетті.

-Пайдаланушы тестілеу кезінде микрофонды өшірмеуге міндетті.

-Тестілеу кезінде пайдаланушы кескінді көрсетудің бір құралын (монитор, теледидар, проектор), бір пернетақтаны, бір манипуляторды (компьютерлік тінтуір, трекпойнт және т.б.) қолдануға міндеттеледі.

-Пайдаланушының тестілеу кезінде бөгде адамдардың көмегін қолдануға құқығы жоқ.

-Тестілеу кезінде пайдаланушының үшінші тұлғалармен сөйлесуге, анықтамалық материалдарды (кітаптар, парақтар, жазбалар), ұялы телефондарды, пейджерлерді, калькуляторларды, планшеттерді пайдалануға құқығы жоқ. «Examus» жұмысы үшін қолданылатын компьютерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

- Пайдаланушы этикалық нормаларды немесе ережелерді бұзған жағдайда Проктор тестілеу процесін тоқтатуға құқылы екеніне келіседі.

- Компьютерлік тестілеу кезінде техникалық мәселелер туындаса Университеттің Тіркеу офисіне өтініш білдіреді.

## **3.Пайдаланушының жабдықтарына қойылатын техникалық талаптар:**

-ОС: Windows (7,8,8.1,10 версиялары) немесе OS X (10.9 және жоғарғы версиялар);

-Google Chrome браузерінің емтихан кезіндегі соңғы нұсқасы;

-Жұмыс істеп тұрған және қосылған веб-камераның болуы (оның ішіне ноутбуктер де кіреді);

-Жұмыс істеп тұрған және қосылған микрофонның болуы (оның ішіне ноутбуктер де кіреді);

-Пайдаланушы желісінің жылдамдығы (upload) кемінде 1 Мбит/сек болуы қажет.

**ЕСКЕРТУ:** Егер компьютеріңіз жоғарыда көрсетілген нұсқауларға сай келмесе немесе тексеруден өте алмаса, прокторингпен емтихан тапсыру мүмкін емес.

#### **4.Білім алушылар үшін:**

-Емтихан кезіндегі тәртіп Ережелерімен, оқытушының пән бойынша емтихан өткізу жөніндегі нұсқаулықтарымен, сондай-ақ емтихандарды өткізу нысандары мен пайдаланылатын платформаларды көрсете отырып, пәндер тізімімен танысу:

-Егер емтихан прокторингсіз өткізілетін болса, онда ол оқытушының нұсқауларына және пәндер тізіміне сәйкес оқытушы көрсеткен платформада өткізіледі;

-Білім алушы прокторингтік жүйесін пайдалану нұсқаулықтарымен танысу

-Егер аралық бақылау, емтихан прокторингтік жүйені қолдана отырып жүргізілсе, онда ол Platonus ([bolashak-edu.kz](http://bolashak-edu.kz)) «Examus» платформасында өткізіледі.

#### **5.Негізгі бұзылушылықтарға мыналар жатады:**

-үй-жайда бөгде адамдардың болуы;

-кадрда емтихан алушының болмауы;

-білім алушының жартылай немесе толық жабық беті;

-әр түрлі гаджеттер мен рефераттарды қолдану;

-үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын пайдалану;

-компьютердің жұмыс үстеліндегі терезелерді ауыстыру;

-браузерде үшінші тарап қойындыларын ашу;

-ауызша емес байланыс орнатуға тырысу;

-әңгімелер, соның ішінде студенттің өзімен сөйлесуі.

## **6.Оқытушыға арналған жадынама:**

-Онлайн прокторингті пайдалана отырып, онлайн тестілеу өткізу кезінде сұрақтар тізімін жүктеу

-Оқытушы Емтихан сұрақтарын тиісті платформада құрастырады.

-Оқытушы студенттерді емтихандарға дейін консультацияларда студентке төмендегі мәселелер туралы хабардар етеді:

1.Алдағы емтихан туралы нұсқаулықпен және емтиханды өткізу формасымен алдын ала танысуға тиіс;

2.Білім алушы уақыт пен күн кестесіне сәйкес құрылғының желіге қосылуын, Интернеттің болуын, жеткілікті трафикті, платформадағы бейнекамераның жұмысын алдын-ала тексереді;

3.Академиялық адалдық ережелерін және емтихан кезінде шпаргалкаларды пайдалану және интернет-ресурстарды, әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салуды бұзбауы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор:



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер  
жөніндегі басқарма  
басшысы:



А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика  
жоғары мектебі деканы:



Ж.Ж.Серкебаев


Бизнес, техника және технология  
жоғары мектебі деканы:



М.Ө.Ембергенов

Құрастырған:

Тіркеу офісінің жетекшісі:



К.У.Исхахова